

• •

**ХАМЗА
ЕСЕНЖАНОВ**

***АҒАЙЫНДЫ
ЖҮНІСОВТЕР...***

Роман

„Жазушы“ баспасы
Алматы — 1977

Қаз 2

Е 79

Есенжанов Хамза.


Е79 Ағайынды Жүнісовтер... Роман. Алматы,
«Жазушы», 1977.
184 бет.

Көрнекті жазушымыз Хамза Есенжановтың «Ағайынды Жүнісовтер» романы Қазақстандағы коллективтендіру кезеңін қамтиды. Ел ішіндегі жаңалық, сол жаңалыққа қарсы тап жауларының күресі, жаңа адамның қалыптасуы, жас интеллигенцияның өмірге көзқарасы романда жан-жақты суреттеледі. Романның тілі көркем, оқиғалары тартымды.

Қаз 2

Е $\frac{70303-142}{402(07)77}$ 14-76

© «Жазушы», 1977



Есенжанов Хамза
«БРАТЯ ЖУНУСОВЫ»
роман
(на казахском языке)

Редактор *Т. Иманбеков*. Художник *А. Ващенко*. Худ. редактор *М. Шалбаев*.
Тех. редактор *С. Лепесова*. Корректоры: *С. Умишева, К. Утегенова*.

Сдано в набор 5/IX-76 г. Подписано к печати 19/IX-77 г. УГ08141. Бумага тип. 1, $84 \times 108 \frac{1}{32} = 5,75$ п. л. — 9,66 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 9,8). Тираж 60 000 экз. Цена 70 коп. Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105. Заказ № 1208. Отпечатано с матриц Полиграфкомбината на Фабрике книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАСПАДАН

Кернекті қазақ жазушыларының бірі — Хамза Есенжанов әдебиетіміздің жазира жайлауына сонау жиырма бесінші жылдардың екінші жартысында «Өлеңті жағасында», «Тұрба», «Қызылқұм» сынды әңгімелерімен келіп, өз үні, ою-өрнегімен, салиқалы ойлылығымен отауын тіккен қаламгер.

Жазушы — халықтың үні, айнасы десек, Хамза Есенжанов, сол бір ұланғайыр сенімді ақтаған адам. Совет өкіметі орнағаннан бергі өмірдің ұзақ сапар жолын өтіп, ыстық-суығын басынан кешкен жан. 1957 жылы жазушы қазір оқырман қауымға кеңінен мәшһүр «Ақ Жайық» роман-эпопеясының бірінші кітабын аяқтаған еді. Кешікпей эпопеяның екінші, үшінші кітаптары да жарық көрді.

Трилогия аз уақыт ішінде оқырмандардың сүйікті шығармасына айналып қана қоймай, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Әрбір шығармасынан халқының белгілі бір кезеңдегі тынысын сездіріп, үнін, мақсат-мүддесін, арманын танытуға құштар суреткер «Ақ Жайықпен» шектелмей, 1963 жылы «Көп жыл өткен соң» романын жазып бітірді. Кітап оқушы жұртшылық пен әдеби сыннан жоғары баға алды. Мынау қолыңыздағы роман, сол «Көп жыл өткен соңның» заңды жалғасы — «Ағайынды Жүнісовтер» атты шығарма Үлкен суреткердің қайта айналып соғып, иін қандыра өңдеп-жөндеп дегендей еңбек сіңіре алмай кеткен жаңа кітабы еді. Қаламдас достары, Қазақстан Жазушылар одағы, «Жазушы» баспасының редакциялық кеңесі бірлесе отырып, талқылап, пікір алысқаннан кейін бірінші бөлімін сол күйі қалдырып, ал екінші бөлімін кейбір қысқартулармен назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Бірінші тарау

1

Тосын хат...

Бір үйде тұрып, бір жерде оқитын үш студенттің екеуі почтадан шығып базарға бет алды. Базар жолда еді. Почтаға барған сайын оны бір сүзіп өту бес парыздың біріндей. Өйткені қол бос, қамсыз шақ.

Астанадан аулақ, темір жолдан қашық, абыр-жұбыры кем самарқау қала. Күні ұзақ, түні жалпақ. Жаңалықтың бастысы ауылдан келетін хат қана.

Бұл екеуі почтадан үйде қалған жолдасына келіп жатқан хатқа қоса ақша қағазын да алған. Бұлардың қазіргі әңгімесі осының төңірегінде.

— Мен білсем, бұл тосын хат!

— Болса болар, қыздан ғой!..

— Ақшасы да тосын.

— Иә, кеше ғана елден қайтқан баланың соңына ақша ере жүруі ой салатын жәйт.

— Солай, солай,— десті.

Қарағай күндақты тау бөктеріне иегін сүйеген маңғаз Алматының сол жазда дәулеті де шалқып жатыр еді.

Әлсін-әлсін себелеген жаңбыр суына бөгіп, күн көзіне балқыған асыл алқап жер нәубетін аямай сыйлаған. Қаланың іші де, тысы да толы бау-бақша. Онда басын иіп тағзым еткен алма мен алмұрт. Еңсесін көтере алмай майысқан қара өрік. Ұйысқан жүзім. Тамыз айында-ақ желпіп өткен желге шыдамай алма ағаштары жерге көл-көсір ала бүйрек шашу шашып жатты. Қаланың ағыл-тегіл жемісі аздай-ақ алыстағы Түрген мен Шелектен, Талғар мен Шымбұлақтан, Шамалған мен

Қаскелеңнен Алматы базарына ағылған керуеннен көз түспейді. Кіші станицадан бергі өрге қол созған үлкен базар жұманың жеті күні бірдей иін тірескен көлік, о шеті мен бұ шетіне тай шаптырарлық алма тиеген арба. Жалғыз жеміс емес, көк базардан арғы кең алаң жексенбі күндері малға сыймай кетеді. Мал жаз бойы апта-лап жайылып, айлап жылжып, сонау арқа беттегі сегіз қарыс қар жауса — он қарыс қамысы пана, жері күт Топар мен Құйғаннан, Отар мен Қордайдан шұбырды. Үйір-үйір жылқы, қора-қора қой мойынға таққан ауыр алқадай қала сыртын қоршай орап жатады. Бұл — базар өз үлесін күнде-күнде еселей беру үшін үзбей алып жатса да, көзі бар бұлақтай таусылмас түлік сияқты.

Дәулетті маңғаз қаланың тұрпаты да өзіне сай: бойшаң көшелері бойлауық теректермен әдіптеп қойғандай, сылдыр үнді бұлақ сырғалы.

Сол ендеп жатқан үлкен базардың шетінен кірген екі студент ат саудалайтын адамдай-ақ жылқы қатарын жарып өтті.

— Пай-пай, қарны жер сызған мама биелер де бар екен!

— Биені қайтесің, ана бір қара атты айтсайшы шіркін, шекесінен қарайды, қандай аяншыл екен! Екіндіде ай карағандай көз тіктіріп, ауыл сыртынан өтіп бара жатсаң...

— Бала, сен атқа сын беруді қой. Қара аттан өзге де көз тоқтатар жануарлар аз емес. Аяғыңды тезірек бас, мені Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр. Күтпейтін бір тығыз хабар болмағай...

Қара атқа көз тіккен орта бойлы, палуан денелі жас жігіттің аты Оразалы еді. Ал, қасындағысы — Жақия дейтін ересек студент. Екеуі де кәдімгі Әлібек Жүнісовтың бірге жүріп, бірге тұратын жан жолдастары болатын. Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр, «аяғыңды тезірек бас» деген Жақия ақылын Оразалы екі еткен жоқ:

— Хұп, философ! — деп адымдай түсті.

Енді жолдағы көше-көше болып тізіліп алма толы арбаларды сүзіп, өздеріне жүзі таныс шоқша сақал кара кісіден:

— Жәке, алманы қаншадан сатып тұрсыз? — деді Оразалы.

— Ә, келіндер, келіндер. Сендерге тегін, қадақтап,

шелектеп алатындарға ақшалы,— деп қара кісі екеуің баурай кетті.

— Жоқ, аға,— деді Жақия мұқамдап сөйлеп,— біз де ақшаға аламыз. Өйткені бұл сіздің бағып-қағып, еңбек сіңіріп өсірген жемісіңіз.

— Қарағым-ау, сендерге қадақтап алудың керегі жоқ, оқушы балаларсыңдар ғой. Мықтаса екеуің екі-екіден төрт алма жерсіндер. Онан мына арба ортаймайды, ала беріңдер,— деп үлкендігін байқатайын деген адамша өзі фургонына қарай иек қақты.

— Дегенмен бізге бұл қымбат жемістің бағасын біліп қойған да теріс емес.

— Біреуі, таңдаулысы, ең үлкені — бір тиын, қарағым. Биыл алма бітік. Бір ағаштың байлығы бір үйге қорек. Ала бер, тиынсыз-ақ.

— Онда, енді... біз үшеу едік. Біреуміз үйде жазу жазып қалды.

— Таңдап алатын алма ала ғой.

Оразалы қара кісінің мырзалығына риза болып кетті.

— Жәке, көп-көп рахмет. Сіз де бізге қонаққа келіп кетіңіз,— деп еді, қара кісі оның сөзін бөліп жіберді.

— Сендер Әбдуәлидің үйіндегі балаларсыңдар ғой, қол тиген күні барып шығармын, қожаларың жақсы адам. Әңгімешіл. Жаналықты көп біледі...

— Әбдуәли де сіз сияқты шаруа адамы ғой...

— Жоқ, жоқ, ол кісі көп көрген, бүтін Дулатты, мына төмендегі Ыстыны, Албан мен Суанды бүге-шігесін қалдырмай аралап шыққан адам. Ол дүниедегінің бәрін біледі, қарағым, «ірі байларды көшіреді екен» деп жүр.— деді қара кісі.

Үйдегі жолдасының хатын тез табыс етуге асығып, екі студент қара кісінің әңгімесін үзуге тырысты.

— Жәке, көп-көп рахмет. Бізге келіңіз. Күтеміз. Қазір оқу жоқ, қол бос, көбінесе үйде кітап оқып отырмыз,— деді екеуі қосарлана сөйлеп, тегін алманың төртеуін бір-бірден қалтаға салып, екеуін қолдарына ұстап тұрып.

Оразалы арық қара кісінің әр нәрседен хабардар, тіпті саясат мәселесіне де құлағын түріп жүретін қазақ екенін байқап:

— Әлгі шоқша сақалдыны көрдің бе, саясаттан хабары бар. Қызық емес пе, ә?— деді жолдасына, базардан шығып келе жатып.

Жақия тамсана түсті. Бұл бір сөзге ұста және «оғаш» сөйлейтін студент-ті. Жолдастары осыған орай «философ» деген ат қойған. «Анау Пушкин, анау Белинский» деп басы байлы айдар тауға үйір оқушылар мұны кімге теңейтінін ашпай «философ» деп қана кеткен. Сол философ тамсанып алғаннан кейін:

— Қазақ — дана халық, — деді байсалды түрде, әдетінше философына басып. — Дана халықтың бәрінің де арғы төркіні малда. Малды қолға үйретуден бастап даналығы көзге түседі. Арғы тағы заманда даналық қайдан келсін. Бәрі мал арқылы. Әсіресе ат пен түйе шыққалы ел мен ел араласқан, сонсоң, қой болмаса тіршілік сәні де болмас еді. Киім деген жүн мен теріден, сол жүн мен теріні қолдана білуден пайда болған ғой. Ал, бау, басқұр, текемет, кілем деген әсем жиһаздарды даналықтың жемісі емес деп көрші! Жаңағы базардың, ана қаланың, іші-тысы толы малдың иесі кім? Қазақ! Дана қазақ!

— Әй, осы адам ойламайтын нәрсені ойлайтын сен де данасың! Мұны енді қоя тұр. Ана үйде отырған жігіттің хатын тезірек табыс етейік...

2

Әлібек үйде бір өзі, терезе алдында тауға қарап қойып, жазу жазып отыр еді.

Бұл үй — Алматы өзеніне таяу Құлжа көшесінде, шағын екі бөлмелі қарағай үй. Қызылордадағы бұрынғы КИНО-да бірге оқып, Алматыда ашылған тырнақ алды жоғарғы дәрежелі мектепке келіп бірге түскен үшеуі осы пәтерде тұрады. Тап-таза, жарқыраған бір сәнді үй: ашық терезеден келген арық суының сылдыр үні құлақты тербетеді, іргедегі сай самалы бетті үрмелеп өтеді; қараған жанның тау тұтас көз алдында көлбеп жатқан зәулім асқар, әсіресе ақ қалпақ киген Талғар шоқысы терезеден телміріп тұрғандай жап-жақын: оның нығындағы анталаған сәукеле қарағайлар қымтай жауып, құндақтап-ақ алған. Әрідегі бұлт құшақтаған зенгірлер аспан төрінде тіркесіп жылжыған әлем керуеніндей...

Қараған сайын ұшқыр ойды қиял айдынына жетектей жөнелетін сиқырлы асқар бүгін жас ақындық шабытын қоздырып жіберген сияқты. Әлібек қозғалмастан

жүрекке құйылған әсерді қағазға сорғалатып жатыр. Тау, өзен, ағаш, самал, жарқыраған күн, дарқан өмір, айнала көркемдік нәзік ойлы жас жанды әлдилеп, тербетіп, баулып алдағы бір асар-аспас қияда дайындап жатқандай. Ол аспандаған сезім мен бұлақтай атқылаған сұлу сөздің тас құшағында...

Есік ашық жатса да сырттан кірген адамның сыбдыры естілмеді, қағазға төнген Әлібек оның жақындап келіп мойнын созғанын да байқамады. «Тағы да өлең жазып отыр екен!»— деді ішінен Оразалы, ақырындап кері шегіне түсіп.—«Келген хат ешқайда қашпас, оқыр, шабыты келген шақта сілтей түссін».

Бірақ жолдасы ұзақ күтпеді. Әлібек басын көтеріп алып қарындашын стол үстіне тастай берді, өзі орындыққа шалқая түсті.

— Шабыт та шаттық, қағазға төгілген шабыт жемісі онан да ләззәтті.

Әлібек жалт қарады.

— Сен қашан келдің? Оқып та үлгірдің бе?

— Оқығаным жоқ, көз сұғанақтығы менде жоғын өзің білесің.

Әлібектен түрі де, мінезі де өзгеше Оразалы асықпады.

«Сезімтал жігіт жазғанын қазір өзі де оқыр. Шыдамас» деп ойлады.

— Оқымасаң тында!— деді Әлібек жазғанын жариялағанша асығып.

— Құлағым сенде.

— Түрегеліп оқитын бас-аяғы дөңгеленген нәрсе емес, жай шатпак, тау әсері.

— Оқи бер, оқи бер!— деді үйге кейінірек кірген Жақия.

Көк тіреген асқарым — Алатауым шандозым!
Заманнан бері тас қалқан, басымда биік айдарым!
Ғасырларды бастан асырған, қартаймас мәңгі
кәрием!

Мызғымас мықты берігім, күн бетінде көлеңкем,
Арқа бетте бас панам.

Биіктік, барлық сұлулық бір өзіне тел біткен.

Тіл жетпес асқақ айбарлым!

Шыңында жусап бұлт қонып, шоқында бүркіт
шаңқ еткен,

Қиқулы сиқыр тылсымым!

Иығына өрмелеген бойлауық арша мен сыпсын
қарағай,
Самсап тұрған бейне бір қорамсақтағы оғың сынды!
Тынымсыз жүгірген күміс сылдырлы асау бұлақ,
он сан

Ойыңды шимайлап жатыр!
Алқабыңда жеті өзен, жеті өзеннің жеті өңірі Жеті

салаң бойында, бақ қонған байтақ еліңнің —
мыңғырған малы есепсіз!

Сәнді салаң толған ән, думанды елде би мен күй!
Жеміске толған бауырай алаңның беті — албырт,
таң, жайқалған бағың — жасыл гүл...

— Иә, арғы жағы?— деп қалды арқасы қоза баста-
ған Оразалы шыдамай.

— Бәрі осы. Тауға қарап отырғанда ауызға түскені.

— Мұны не дейміз? Кескіндеме дейміз бе?

Әлде келбеттеме бола ма?

— Не десең, о де.

— Жақсы. Аяғын күтемін. Ал, мынау лирика болуы
мүмкін...

Оразалы қалтасынан хат суырды.

Әлібек ұшып түрегелді.

— Маған ба?

— Саған, саған. Әріп сұлбасы қыз саусағы тәрізді,
нәзік көрінеді. Сірә, әлгі Гүл... Сұлудың қолы шығар-ақ.
Қарашы — Жу-ну-сову дегені орамалға төккен кестедей
тізіліп жатыр.

— Маған хат жаза қоятын кім бар! Әйел қолы! Онда
жеңгемнен шығар.

Оразалының ұсынған хатын Әлібек ашпастан оның
төмендегі адресіне бақты: Орал қаласынан!..

... Менді қыздың қолы емес, Әлібекке ол өз қолындай
таныс. Бұл да әйел қолы. Бұл кім? Оразалы айтқандай:
ұсақтап шалған кесте сияқты әріптері тізіліп тұр және
бала қыздың қаламды қаразға қадап жазуы!..

Әлібек толқып кетті. Бетіне қаймақшыған елжіреу
пайда бола қалды. Қолы да дір еткендей әлсіз қимылда-
ды, конвертті жырта алмай әлектенді. Жаңа ғана Алатау-
дың айбарлы сипатын ауыз толтырарлық ірі сөздермен
бейнелеген еркіндік лебі ұшты-күйді жоғалып кеткендей.
Аз сәттің ішінде талай болжалға жарамаса да, оларды
түйіп бірін де жинай алмады. Кенет, жүрегі дүрсілдеп
кетті...

«Мен Орал қаласындамын. Бір ай тұрамын ба, бір жыл тұрамын ба, мұны бір құдайдың өзі біледі. Көргің келсе... хат-хабар салғың келсе адресім: Чаган көшесі, 91-үй. Гүлжиһан».

Қайтадан оқыды. Бірақ хаттың сырын бірден ұға алмады. Ол тек «Гүлжиһан... Гүлжиһан»... деп ерні жыбырлай берді.

— Не жазыпты? Қыздан екенін мен де шамалап едім,— деді Жақия терезеге қарап тұрып, әдетінше баптап, асықпай сөйлеп.

Ол Әлібектің толқығанын да, хаттың мағынасын миына толық жетпегенін де, қайта-қайта оқығанын да көрді, бірақ елемеген болды.

— Гүлжиһаннан...— деді Әлібек, сыбырлағандай елжіреп.

— Иә, Гүлжиһан не жазды?— деді тағы да Оразалы араласып.

— Түсінгенім жоқ... Түсініксіз...

— Маған берші.

Әлібек хатты Оразалыға ұстата берді.

— Мен бір жаман хабар жазған екен деп ойлап ем... Мынау мағыналы хат қой. Және өзі шындалып шыққан, қол-аяғы балғадай, өзіне де, өзгеге де жігер құйып тұрған сөздер,— деді Оразалы, оқып шығып жолдасына айнала көз тастап.— Сен түсінбедім дейсің. Өте түсінікті хат...

— Түсініксіз,— деді Әлібек тағы да.

Оразалы басын шайқады. Ал, Жақия бұрылып келіп Әлібектің иығына қолын салды.

— Әлібек, сен бала мінезді жансың, көргеннің, естігеннің сыртқы түрін ғана, әшекейлі жағын ғана ұстап қаласың. Неден байқадың деші? Әлгіден бергі ісің мен мінезіңе сын айтайын ба? Мына хаттың да сыртын көріп тұрсың. Ішіне...

— Айт! Айт!

— Айтсам. Алдымен жаңағы көркем сипаттамада Алатаудың кескінін дәл бергенсің. Бірақ тек қана сыртқы түрі, жансыз түрі. Айбарлы түрі, асқар түрі ғана. Неге оның бір ауыз болса да ішкі сыры айтылмайды. Әлде ішкі сыры жоқ па?..

— Жансыз таудың ішкі сыры қандай болмақ?

— Міне, міне, құр сырты көрінеді саған. Айталық тау адамымен тау ғой. Сол үшін оның аты да Талғар шоқысы. Алматы шоқысы, Матай тауы, болмаса кейбірі Суық

төбе, Маралды болып келеді. Осы аттарына қарай шандоз болып тұрған жоқ па? Бәлкім асуларын талай ел үркіп асып, болмаса талай асулардың даңқын жұрт өткен заманда ерлігімен шығарған болар. Бұл сыр емес пе? Осы сияқты тау басынан кешірген не азапты, не ардақты уақиға аталса сурет жанданып жүре береді...

— Саған ұнамай қалғанын өзім де байқап едім. Бұл шатпақты қазір жыртып тастаймын. Ал, хат жөнінде?

Жақия Әлібектің бетіне қарап аз тұрды да, сонсоң бұл да басын шайқады.

— Жыртпа. Жырта салу сөз асылын сомдай түсу болып шықпайды. Мен сынымды өзің айт деген соң айтып тұрмын. Ал, хат жөнінде менің болжауым, болжау ғана емес, анығы. Қыз Орал қаласында. Дұрыс қой? Мұны өзі жазып отыр. Сондықтан, бұл ақиқат жай. Бұл бір. Екінші ақиқат: «көргің келсе, хат-хабар салғың келсе...» дейді. Бұл саған Орал қаласына кел дегені емес пе? «Көргің келсе» дегеннің мағынасы осы. Мұның екінші түсінігі жоқ. Ал, сені мен менің тірелегін жеріміз: неге шақырады? Бұған жауапты Алматыда отырып құмалақ салумен табуға болмас. Жауапты барып жолығып, сөйлесіп, көрісіп, жай-мәністі біліп алғаннан кейін табасын.

Әлібек үндемеді. Ол сөзге ұста жолдасының тайға таңба басқандай айқын және дәлелді түсінігіне қол қойғандай болды. Ал Жақияның сөзіне бірден ұйытын Оразалы:

— Қазір бар да почтадан ақшанды ал. Тездету керек,— деді.

Әлібек тіл қатпастан киіне бастады.

— Мен де бірге барайын,— деді Оразалы.

— Бар. Сен де бар,— деді Жақия Оразалыны қостап.

Бұл үшеуі үш түрлі жігіт. Сырт пішіндері де, мінез-құлықтары да біріне бірі ұқсамаған.

Жақия ұзын бойлы, арық, ат жақты, түрік мұрынды, жүзі сұр. Көп күлмейді. Көруге суық адам тәрізді. Ал, сонымен бірге оның белгісіз бір ішкі жылылығы адамды өзіне үйіріп әкете береді. Оның үстіне: әр сөзі жеңіл-желпі мәтелге тұрарлық тіл жүйріктігі еріксіз бойсұндырғандай. Бұл қасиет оны тез көзге түсірген-ді. Және басқаларға қарағанда анағұрлым сақа студент. Сондықтан да ол қасындағы өзінен кіші екі жолдасының көпгі көрген ақылгөйі есепті.

Ал Оразалы — айтқанынан қайтпайтын, бір беткей,

табанды және өжет жан. Оның өжеттігі тіпті, кемерлеп тұрған тостағандай, жолдастар арасында шып-шып төгіліп те кетеді. Бірақ, жібек мінезді жұп-жұмсақ Әлібекпен аса үйірімді Жақияның қасында Оразалының беті көгіс тартып көрген емес. Бұл екеуінің оғаш істері мен басы артық сөздеріне ең әрі кеткенде үлкен көзін алартып бір қарап алады да, су сепкендей тына қояды. Оразалының нық денесіне күші де сай. Өзі айтуынша, бала кезден бастап онымен белдесуге де, шекелесуге де ешкім пар келе қоймаған сияқты. Үшеуінің басын біріктіріп тұрған да осы бірінде бар, бірінде жоқ қасиеттер болуы мүмкін.

Екі жолдасын почтаға жөнелтіп, Жақия үйреншікті өзінің аяқ сылауына көшті. Жас кезінде өкпе ауруына шалдығып, екі жылдай аяғын баса алмай азап шеккен бұл қатпа жігіттің оң аяғы семіп кеткен, екіншісінен анағұрлым жіңішке еді. Бәрінен де қасіреттісі: көп жүрген шақта ет қызуымен ауырғаны білінбей кететін кемтар аяқ, отырған кезде сырқырай бастайды. Ол қазір де қабағын шытып, жан қинаған сырқатты сылап жеңілдетіп отыр. Доктор берген майды жағып алақанымен сипайды. Бір ғажабы: бір қалада бір ғана поляк дәрігері — Мацкеевичке қаралу жолы қиынға түссе де оның айтқаны ем, бергені — шипа сияқты, маймен сылаған сайын Жақияның қабағы жазыла түседі. «Доктордың айтқанын бекер орындамаймыз. Ендігәрі болсын!» деп ол басын шайқайды, өзіне өзі серт береді. Біраз отырып ол басын көтерді, терезеге қарады. Почтаға кеткен екеуі де жеткен екен.

— Жақия, ақша Әлібектің інісінен, кәдімгі әлгі өзің сыртынан риза болып аузыңнан тастамайтын Әділбектен көрінеді. Алпыс сом жіберіпті. Орал түгіл Мәскеуге барып келуге де жетерлік, — деді Оразалы есіктен кірмей жатып.

— Ол маған ұнайды. Ісі де, мінезі де тамаша. Көрмесем де көз алдымда. Жанып тұрған бала. Мына хат та соның сілтеуімен жазылып жүрмесін, — деді Жақия.

— Бұл мүмкін емес! Қыздың елі шалғай, әкесі де бізге араласпайды. Оқымысты, көпті көрген, алыстан болжайтын, ақыл иесі және іштей қатал адам. Біздің Әділбек олармен таныс та емес.

— Жақсы, солай-ақ болсын. Саған ақшаны не үшін жіберді Әділбек?

— Алыс жерде мұқтажданып жүрмесін демесе?

— Кеше ғана келдің ғой еліңнен. Стипендия алатыныңды інің жақсы біледі. Қалайша мұқтажданасың! Жоқ, мен білсем: сені қалай да Орал қаласына келтіру, қызбен жүздестіру. Бұл тек қана Әділбектің, болмаса жеңгеннің қолынан келетін жұмыс. Осы күнге дейін бір хат жазбаған қыз өздігінен келіп кет деуі қиын.

— Мен де хат жазғаным жоқ...

— Әлбетте, мына хат — шақыру.

— Сонда не істеймін?

— Қызық жігітсің. Ісіңнің бәрі шала. Баста пісіріп келетін іс қой. Мүмкін қызды сүймейтін шығарсың?

Әлібек мүдіріп қалды. Қызарып кетті. Қысылғанда сөйлей алмай қалатын қалпына келіп, булығы бастады.

— Жарайды. Сен былай ет: тез Оралға жүріп кет. Оқу басталғанша әлі жиырма күн бар. Көр. Жүздес. Арғы жағын ақылдасып шешіңдер. Осында алып келсең мына пәтер екеуіңе жетеді,— деді Жақия.

«Сен не дейсің? дегендей Әлібек Оразалыға қарап езу тартты. Булығыуы тарқай берді.

3

Институттың партия ұйымы шақырған мәжілісінен Жақия елеуреп қайтты. Философтың аяқ басысы да, сөзі де бір қалыптан өзгеріп көрмеген салмақты, бапты келетін. Ал, жүз әлпеті өмірде елегізуді білмейтін, баяғы сұрғылт қалпы, қабағын сәл кере түсіп «балдар қалай?» деп тамсана қарайтын. Ол бүгін есікті тез ашқаны былай тұрсын, оны нығыздап қатты жапты да, адымын кере басып терезе алдына өтті, ілесе кері бұрылып тағы да есікке қарай жүрді. Бұл өзгерісті алдымен Әлібек байқады. Ол жолға шығу қамымен кішкене сандықша кәрзекесіне киімдерін бүктеп, плащына орап шаң тиместей етіп мұқияттап салып жатыр еді. Бұл жұмысын тастай берді де Жақияның қимылынан, өзгеріп кеткен жүрісінен не болғанын байқауға тырысты. Оразалы ағаш кереуеттің үстінде жамбастап жатып, кешкі қарбаласта сығырайған керосин шамды өзіне жақындата салып, кітап қызығына батқан еді. Екі күннен бері ол америка жазушысының «Хват пен Малышын», «Арқадан келген қыз» дейтін шығармаларына алаңсыз сүнгіген. Оның құлағына Жақияның үйге енгені, есіктен терезеге алма-кезек аяндағаны, Әділбектің қимыл-қыбыры кірмеді де, елендетпеді.

— Жігіттер!— деп Жақия үшінші рет есікке төніп барып кері бұрылды.— Уақиға зор,

— «Балдар» деңіз.

— Балдар!.. Үлкен уақиғалар... Зор өзгерістер... Естімеген жаңалықтар бар.

— Иә, жүрісіңіздің өзгеріп кеткенінен-ақ сезіп едім, Жақа. Не жаңалық?

— Үлкен әңгіме... Саяси мәселе...— деп Жақия үшін бәсендетті. Ол Оразалыға қарап, «неғып жатырсың?» дегендей көз тастап еді, бірақ өз қызығына біржола алаңсыз берілген жолдасы сөзіне құлақ қоймады, кітапқа қадала түскендей болды.

Жақия енді тамсанды.

— Балдар, тындандар.

Мен сендерге үлкен әңгіме айтпақпын. Біз өте ірі әлеуметтік өзгерістің, басталғалы жатқан өзгерістің алдында тұрмыз... Губком қызметкері партия активінде сөз сөйледі біздің институтта. Қазақстанда «кішкене Октябрь» басталды... Әбекең үйде ме?

Жақия екінші бөлменің есігіне қарады.

— Үйде шығар. Кешке жақын бағанағы ақсақалмен сөйлесіп отырған есік алдында.

— Қай ақсақал?

— Алма сатқан,— деп Оразалы басын көтеріп алды.— Немене, құпия хабар бар ма, сонша сыбырлап.

— Құпия да, құпия емес те. Дегенмен: «Әзірге жая берудің де керегі жоқ», дестік. Әлгіден бері елең етпей жатыр едің, немене «құпия» деген сөзге сенің де ойың селт етті ме?

— Мына кітап қызық. Бір өзі тоқсан құпияға тұрарлық.

— Иә, Жақа, айта беріңіз «кішкене Октябріңізді». Қызық сөз екен, соғыс бола ма?


— Әлібек, жөн істі өңкей мүкіс жағына бұрасың. Дегенмен, бұл сөз күрт өзгеріске байланысты...

— Жігіттер, үйде екенсіздер ғой. Бөлмелеріңізден дыбыс білінбегеннен кейін мен сіздерді жоқ қой деп ойлап едім. Жүріңіз, шай-су ішейік,— деді есіктен басын сұғып үй иесі.

— Жаңа ғана кіргенім осы, Әбеке,— деп Жақия сөзінің аяғын жұтып қалды.— Қазір, Әбеке, қазір...

Әбдуәли есікті қапсыра салып, кері шегініп кетті де, әйеліне:

— Жігіттер келген екен, шайыңды баптай бер,— деп арғы бөлмеде бұйрық беріп жатты.



Жақия басын шайқады. Орнынан тұрып, шашын оң жақ шекесіне жабыстыра сипай бастаған Оразалыға қарап:

— Осы біздің Әбекен, мен адам танысам, тұңғық жан, терең, өте терең...— деді ақырын ғана.

— Онда бұл, Жақа, әлгі өзіңнің айтып жүретін: «найза бойламайтын арам», «кұрдай жорғалаған қу», тағы немене еді, «түк жұқпас сұм» деуші ме едің? Солардың бірі болды ғой біздің бұл қожайынымыз да.

— Ақырын, ақырын сөйле, Оразалы. Естіп қалса ұят болар. Соңғы айтқанның төңірегінде. Су жұқпайтын сұм кісі ғой деймін.

— Су жұқпас па? Түк жұқпас па?

— Айналайын, ақырын сөйлеші.

— «Сыбырлағаныңды құдай естімей ме» деп... Нағыз сұм болса, біздің не ойлап, не сөйлеп отырғайымыздан да хабардар шығар. Кешке жақын алма сатқан қара сақалмен шүйіркелесіп Пішпекке жүрмекші боп уағдаласты. Мен «Әлібекті арбаларыңызға мінгізе кетіңіз» дедім. Ол «ойланайық» деді.

— Онда жақсы болды ғой...

Студенттер «сұм кісіге» ұйғарған Әбдуәли шай үстінде бұлармен шүйіркелесіп сөзге кіріспеді. Әлденені ойлап-пішіп отырған адамның кейпімен көзін жұма түсіп, шайды сораптап ұрттап отырды да:

— Мен Пішпекке барып қайтамын, жігіттер. Мына баланы да арбаға мінгізе кет дедім Жиренбайға. Ол адам және жүк таситын арбакеш қой. Пұл төлемей-ақ мінгізер оқушы баланы,— деді.

Жақия мен Оразалы жамырап:

— Рақмет, Әбеке. Үйі жағынан келіп кет деген хат алып еді, сізбен бірге тез кетсе жолы болды. Мың рақмет, Әбеке,— десті.

— Ертең, алла бұйырса, таң сәриден жүріп кетеміз.

Шайдан кейін үшеуі өз бөлмесінде тағы да өз камдарына кірісті. Әлібек сандықша-кәрзінкесін мұқияттан байластырды, Оразалы кітабына үңілді.

— Үлкен өзгеріс, балдар. Тұнып тұрған феодализмнің ұйтқысын бұзып: Арқаның Шормановтарын, Жетісудың Ордабаевтарын орнынан ығыстырып, жер аудару «кішкене төңкеріс», қазақ даласындағы кішкене Октябрь»,— деп губком қызметкері дұрыс айтты...

— Айналайын, қойшы! Мен де естігенмін байларды жер аударады деп, жер аудармақ түгіл кедейлер соларды пісіріп жесе де көңілім баяғыдай...

— Оразалы, сен түсінбейсің. Өте ірі уақиға. Бұл — елді де, жерді де жанартады деген сөз. Ескі дүниенің мұзы жарылды, енді сені жүреді, балдар, сендер мұны түсінулерің керек.

— Жарайды, соңынан, соңынан түсінерміз,— деді Оразалы.

Әлібек сөзге кіріспеді. Ол тек қалайда Оралға жетудің, тез жетудің камын ойлады. Алда не барын, не бола-рың ойлауға шамасы келмеді. Оның көз алдында Гүл-жиһан тұрды...

4

Жазықта жортып отырып жолды едәуір қысқартып алған аттар тау бөктеріне іліккен соң аяңға біржола көшіп алды. Ал, өрден-өрге тырмысып алға ұмтыла түскен қос торы жүкті фургонды екінші бір төбешікке зорға шығарды. Бір уақыт өрсіз жерде өндіре аяндап, жүріс енді-енді түзелер дегенде тағы өр, тағы да төбешік келіп қалады.

«Қашан жетеміз Пішпекке? Қашан мінем пойызға? Қашан Арыс, қашан Қызылорда? Қашан?.. Қашан?..— деп жыбырлайды Әлібектің еріндері, өзі түсе қалып өзге арбамен қатарласа аяндайды. Арбакеш арық қара Жиренбай да арбаға асылмағалы көп болды. Ат болдырар, бірақ Жиренбай болдырар емес, жүрісі де жеп-жеңіл, өзі де қанбақша дөңгелейді, делебесі қолда, атқа жанамалап соғып келеді.

— Токмақ жолы жақын, екі қонып Пішпекке де дік етеміз,— деген шығар да арбакеш. Сол «дік ететін» жолы Ұзынағаштың асуы, екі күн тауға шығады. Түсері жарты-ақ сағат. Алды қырғыз елі. Екі таудың ғажайып алқабы. Әлібек бұрын бір рет жүрген. Жақын екені рас — Қордай жолы үш күндік, күн райы бұзылса Пішпекке дейін төрт тәулік те болып кетеді.

...«Қашан жетеміз? Қашан?.. Қашан?..

...Осы ана Әбдуәлиді Жақия «су жұқпас сұм адам» дейді. Рас шығар. Жақаң біледі. Үйінде бізден бұрын тұрып келеді. Мына тиеп келе жатқан сандықтар сонікі шығар. Не нәрсе бар екен ішінде? Ауыр. Орнынан қозғап болмайды. Аттардың мықшындауына қарағанда екі сандық пен екі кісі өрге қарай ауыр жүк болып келе-

ді»,— деп ойлап қояды Әлібек, арбаға мінер кезде де, аттың жүгін жеңілдету үшін түсер кезінде де.

Қаншама асықса да, қаншама «қашан жетемінді» жиілетсе де жол алыс, тау сілемі таусылар емес, жүк те жеңілейер емес.

Жол ұзақ, әңгімеден өзге ермек жоқ.

— Жиреке, әңгіме айтыңыз,— деді Әлібек арбакешке, келесі бір дөңнің үстіне шығып, өрсіз жазық жолмен жүріп, аяқ суытуға арбаға асылған кезде.— Осы біздің Әбдекең қосағасы, ел ағасы болған адам-ау, жөн-жосықты көп біледі.

Жиренбайдың да іші пысып келе жатса керек, жас жігіттің сұрағына ілесе жауап қайырды.

— Ел ағасы? Ел ағасы деуге де, қала ағасы деуге де болады. Өйткені елден көрі бұл жігіт қалада көбірек тұрып келеді. Көптен бері-ақ қаланың белді жігіттерінің бірі болып саналады. Әрине, Әбдуәлиден де ірі адамдар көп.

Әлібек сәл ойланды да, Жақияның «осы Әбдуәли көп сұмның бірі» дегені еріксіз аузына түсіп кетіп:

— Сұм адам ғой өзі,— деп қалды.

— Қарағым, жұрттың көбі сұм ғой, осы күні. Бұл кісі сұм да шығар, алайда үлкен табыскер адам. Сіздерден пәтер ақыға қанша сомнан алады?

— Он сомнан.

— Им-м, үшеуіңнен отыз сом де...

Арбакеш әлденені күбірлеп есептей бастады да, аздан кейін:

— Тамағы ішінде ғой, он сомның?— деп анықтай түсті.

— Иә, тамақ қожайыннан.

— Им-м, жиырма сом таза қалтада қалады екен. Астықтың пұты елу тиын, қойдың көкесі бес сом базарда. Қалаша тамақтанғанда айына бір қойдың етін жемейсіңдер, бір пұттан артық нан да кетпейді сендерге. Шәй-су бәрін есептегенде үшеуіңнен он-ақ сом жұмсайды...

Мына есеп Әлібектің ойына келген есеп емес еді, ол таң қалған пішін көрсетті.

— Бұл ештеңе емес,— деді арық қара кісі.— Әбдекеңдердің табысы біздің тиындап-тебендеп жинағанымыздан он есе, он есе емес-ау жүз есе көп.

— Сіз қанша табасыз?

— Біздің бар кәсібіміз осы Пішпек пен Алматы арасында ептеп адам тасу мен жүк тасу.

— Айына үш-төрт рет қатынайтын шығарсыз?

— Онан көп емес. Сондағы бар табысымыз: ең әрі кетсе қырық, елу сом.

Әлібек байқамай ішін тартып қалды.

— Оның таңданатын несі бар, қарағым, ана он есе, жүз есе артық табатын Әбдекеңдерді айт!

— Жиреке, таңданғаным: қой базарда бес сом дейсіз. Сіз айына он қой тапқанда, ана кісі он есе артық тапса, сонда жүз қой, яки бес жүз сом тапқаны ма? Сондай төгілген ақшалы қандай кәсіп ол?

— Е, бала екенсің ғой, қарағым. Өз әке-шешен не кәсіп жасайды?

— Әкем қайтыс болған. Шешем кәрі. Інім бар. Орташа дәулет — бір үйір жылқы, сонсоң қой, қозы деген сияқты. Сауын сиыр әркімде де бар ғой.

Жиренбай тағы да күбірлеп өзінің ішкі есеп-шотына қағып:

— Бар дәулетін, інінмен екеуіннің, егерде бір үйір жылқы. Бір қора қойларың болса, бес-алты бұзаулы сиыр болса, сонда да Әбдекеңдердің бір жылдық табысының үзенгісінен де келмейді.

Әлібек басын шайқап алып:

— Жиреке, сіз өте асырып жіберген жоқсыз ба? Әбдекең тап сондай қалталы капиталист сияқты емес қой. Әшейін, қаланың еті тірі азаматы тәрізді.

— «Кемедегінің жаны бір» дейді қазақ. Сондай-ақ: сапарлас адам, сырлас деседі. Ешкімге сыр шашар жігіт сияқты көрінбейсің, оқып жүрген қазақтың көргенді баласы ғой деп танымын, қарағым, өзінді. Сен тыңда, мен айтайын Әбдекеңнің кім екенін, оның кімдермен қол ұстасып келе жатқанын. Әбдекең жақсы кісі. Сөзінде тұрады. Жақсылық етемін десе етеді. Көпті көрген, көп білетін адам. Бұл кісі өзінен де көп білімді, үлкен оқымысты, дәулеті төгіліп жатыр дерлік, атағы бүтін Жетісуға. Пішпек пен Әулие атаға, Шымкент пен Тәшкентке мәлім Ғали дейтін адамның көп жүретін, ісін істесетін оң қолы. Ғали Ордабаевтың атқосшысы. Ғали Ордабаевты естігенің бар шығар?

— Аз-мұз. Сыртынан ғана естиміз. Қалада үйі бар емес пе?

— Бір емес, бірнеше үйі бар. Мекен-жайы, малы. Бәйбішесі мына төменде Іле бойында. Өзі көбінесе осында, Пішпекте, сонсоң Тәшкенде болыңқырайды.

Қалада үлкен жайы, сұлу тоқалы бар. Қазір әңгімеге ілініп жүр дейді...

Әлібектің бұрын-соңды құлағына шала-шарпы тиген әңгімелер, кешегі Жақияның елге үгіт-насихат ісіне аттанғаны — мына қара сақал арықша кісінің әңгімесін толықтыра түскендей болды. «Үлкен өзгеріс дегендері осы екен» деді ол ішінен.

— Ал, Әбдекең жайында сіз әңгімеңізді аяқтаған жоқсыз. «Оң қолы» дегеніңіздің мәнісі қалай?

— Әбдекең де сол Ғали Ордабаев сияқты өз шама-сына білгір, іскер, өзіне лайық дәулет жинай бастаған еті тірі азамат. Оның да Пішпекте үйі бар...— арбакеш арқасын тіреп отырған екі үлкен сандыққа қарап қойды.—«Сонда түсір» деді. Бұл шамалауымша сол Ғали Ордабаевтың жиһазы...

— Қандай жиһазы? Екі сандық аса көп жиһаз емес қой.

— Жиһаздың жиһазы бар. Кеше кеште тиегенде құлағым шалып қалды; тай жібектер болуы керек. Екі сандықта қытай жібегінің он-он бес тайы жатса — қанша пұл боларын білесің бе? Сонсоң: Әбдуәли өзі Шамалған беттегі малды Пішпек базарына айдаттыру қамында. Ертең бізбен қатар о да Токмаққа жетеді.

— Көп мал ма екен?

— Жылқы мен қой, қанша екенін алла білсін. Бұл бірақ Ғали Ордабаевтың өз малы. Ал, Әбдуәли бұрын сонау Құлжадан, Ақсу мен Көксудан жылжыған малды Алматы мен Пішпек, әрі кетсе Әулиеата, Шымкентке жеткіздіретін. Әсіресе соңғы он жыл ішінде ең кемі миллион қой өткізген шығар. Қаржы Ғалидікі, алу, айдау, саттыру Әбдекеңдердің жұмысы. Айдаушы басқа. Бәрі ақшаның құдіреті ғой. Әбдекеңдер қой басына он тиыннан пайда қылса да жылына бір сандық пұл таппай ма? Міне, Әбдекең енді сол әңгімеге іліккен Ғали Ордабаевтың дүние-мүлкін реттетіп жатыр. Мен солай ғой деп шамалаймын. Қате болса құдай кешірсін. Бірақ, қарағым, тісіңнен шығарма, бәрі де өзіміздің қазақтың баласы ғой. Он сегізінші жылғы апат төңкерісте осы Әбдуәли Мамытбековтің әкесін ақтар атып кеткен. Әкесі де еті тірі кісі еді.

...Кешегі біздің философ Жақияның «Жетісудың Ордабаевтары» дегені осы екен ғой. Оралдың кімі деп еді?.. Мұхаметшиндері деген жоқ қой... Ақметшенің де ірі дәулетті екенін, ауызға іліккен беделді әкім болға-

нын және оның үстіне бүгін қосшы кедейлердің, әсіресе Қоғабайлардың, «Ақ сүйек», «қырдың шынжыр балақ, шұбар төсі» деген аттарды Ақметшеге тізіп тағып айтатынын өз құлағымен естісе де Әлібек оны қосқысы келмеді. Бұл мүмкін емес сияқтанды. Оның ой түбіндегі көп сенімінің бірі: «бұл мыңғырған бай емес, ғылым тіліне бет бұрған пайдалы адам ғой»,— дегізе берді. Және Гүлжиһан!

Гүлжиһанның тағдыры... Оның басындағы ауыр қайғы Әлібекке әлі жетпеді..

Екінші тарау

1

Көрпесін тас бүркеніп алып қыз әлі солқылдап жатыр. Ол шам сөнер-сөнбестен-ақ жылай бастап еді. Міне түннің де әлдебір уағы болды.

Кемпір бәрін естіп жатты — оның орнынан неше рет аунап түскенін де, тіпті көрпесінің қалай ысырылып кеткенін, оны қалай бүркенгенін де естіді. Үй іші тас қараңғы болса да кемпір көзі бәрін көріп жатқандай. Қыз оң жақта өзі салып берген құс төсектің үстінде, төсек те үлкен, кәдімгі өзінің ескі құс төсегі. Бірақ тысы да жаңа, мамығы да жұмсақ, жамбасқа батар бір ірмегі жоқ. Бірге жасасып келе жатқан көне төсек дерлік емес. Жастығы да сондай ғой. Бәрі қолайлы. Үстіне жамылғаны қыздың өз шәйі көрпесі. Үкідей салмағы жоқ, не тұншығарлық, не ауырларлық жамылғы емес. Үй де кең. Өте кең. Қазан жақтағы кемпір мен екі аралық ел көшкендей, ежелгі төр мен босағасы ендеп жататын қажының сегіз қанат киіз үйі ғой. Жүніс қажының.

Бір кезде төрт балаға толы төр қазір бос қалған. Бас көтерген жалғыз Әділбек те сыртта, мал шетінде. Жаздыкүні ол үйге жатып көрген емес. Бүгін де солай. Алпыстан асқан кәрі кемпір жас келінмен өзі ғана. Үлкен келін, үлкен бала — аулақта, олардың өз қамы, өз ошағы бар. Бар үміт Әлібек пен Әділбекте. Әсіресе Әділбекте. Өйткені Әлібекжаны да алыста. Кім біледі, ертең ол да өз жөнімен жыраққа тартып жүре ме!

...Бұл байғұс баланың да өз қайғысы өзіне жетеді. Жалғыз әкесі болса анау қараңғы үйге қамалып қал-

ғаны. Келгеннен бері жылау, келгеннен бері жерге үнілу. Бұл мына үйге сүйеу. Мына дүниеге тірек болып кеткенше қашан! Әлі солқылдап жатыр. Қалай жұбатарсын.

— Гүлжиһан қарағым, жылама? Жылама, қарағым...

Солқылы сәл бәсендеген қыз бұл мейірімді сөзге онан әрі егіле түседі.

— ...Тәңірінің ісі. Көну керек...

Неше рет айтты мұны. Есебі жоқ. Көне адамның ойы да көне. Көне болса да көпті көрген жанның үйреншікті жұбанышы, үйреншікті тілек. Тәңірінің ісі емес пе көкті-жерді бар қылған! Жасағанның ісі емес пе бейнет пен дәулетті қоса берген! Құдіреттің ісі емес пе жасты жеткізіп, кәріні еңкейткен. Бұған Балым кемпір түгіл жас Гүлжиһан, оқыған Гүлжиһан да сенеді. Бірақ жас ой әлдеқайда жүйрік, әлдеқайда өткір.

...Тәңірінің ісі! Көбі тәңірінің ісі. Бірақ адамның ісін кәрі кемпір біле ме. Ол менің бұл үйге ойламаған жерден еріксіз келіп қалғанымды қайдан білсін! Менің әкемнің досынан қасы көп болып кеткенін сезе ме үйде отырған кемпір. Менің жүрегімде не сарын барын ұғар ма бұл күні өткен сорлы жан. Жастай анадан айрылдым. Әлпештеген жалғыз әкеден айрылдым...

Қыз қатты өксіп жіберді.

— Қарағым-ай, шаршадың ғой. Сабыр етсейші, шыдасайшы. Алланың жазғаны. Тағдырдан озмыш жоқ...— деді де кемпір басын көтеріп алды.

Ол айнала қарманып шапанын іздеді, орнынан тұрды. Кебісін тауып киді, сыртқа шығуға бет алды.

— ...Берік болу керек. Ұзақ түнді егілумен өткізу жарамайды.

Кемпір есікті сипалап ашып, күбір-күбір сөйлеп жүр; өзі де көз ілмей, ұзақ көлбеп, ақыры сыртқа шықты. Сонда да өксігін баса алмай жатқан қызды жұбатумен болады, оған қыбырлап жүріп сүйеніш айтады.

Қыз да бәрін біліп жатыр. Кемпірдің елжіреген үнін естіп-ақ жатыр. Бірақ...

...Шынымен-ақ тәңірінің жазғаны осылай ма?..

...Елі-жұртым қайда?

...Туған үйім қайда?..

...Папам қайда?.

Бөлшек-бөлшек ойлардың бірінен бірі ащы. Қыз бұрынғыдан да қатты өксиді. Кемпір қыбырлап үйге

кірген кезде ғана саябыр тартқандай. Кешегі күннің кейпі үздіксіз тізіледі. Көз алдынан өтіп жатыр. Солар ғана еріксіз жұбатқандай болады.

...Алдынан шыққан жан жоқ еді, арбадан түсе бергенде халық қаптап кетті. «Келін келді!», «Келіншек түсті!» — десті. Адам деген үйді-үйден қаптап шығып жатыр. Кәрі-жасы аралас. Әйелдер, қыздар да бар. «Кәдімгі Ақметшенің қызы ма?», «Жиен қыз!» «Әлібекке кішкентайынан айттырып қойған!», «Әдемі екен!», «Тек өңі солғын екен!»

О, тәңірі, сөзден жаңбыр жауып жатыр.

— Құтты болсын, шеше! Келінді болыпсыз!

— Келіннің аяғынан деген!

— Қызығын көріңіз... Немере сүюге жазсын!

— Қолыңыз ұзарды, шеше!

...Бәрінен де ауыр, тікендей қадалғаны Хадиша деген әйелдің мысқылы.

«Шырағым-ау, жеңеше-ау, келін сияқты емес! Шошайған бірдеме. Көзі бақырайып қақ төрге отырып алыпты. Ең болмаса басында желегі де жоқ», — деп бетін шымшиды қасындағы әйелге сыбырлап. Ал, жігіттер сықылықтап «Әлібек емес, Әділбектің өзі шығар келіншек әкелген, әйтпесе күйеусіз келін түсе ме?» — деп көздерін қысысады.

...Көну керек деп осыны айта ма мына ғазиз жан...

Бірнеше күннен бері, өң мен түстің екі арасында, мен-зең халде келген, көзін ілмей шаршаған Гүлжиһан таң алдында ұйықтап кетті. Көп уақыт өтіп кеткендей болды. Бір кез көзін ашқанда екінші бір дүниеде жатқандай көрінді.

Жат үй, басқа үй — жарқырап тұр. Жан жоқ. Түндік шалқасынан қайырылған. Аспан көкпенбек түрулі. Әдемі самал соғып кетеді. Жеп-жеңіл!

Рахат дүние. Ертеңгі шаттық құшағында...

Ертеңгі шаттық бар жерде бірдей. Далада да, ауылда да ертеңгі күннің шұғыласы нұр құйып тұрады. Жанға да, тәнге де рахат желі желпиді. «Шеген құдықтағы» ертеңгі шақ осындай. Оңаша самалды үй. Ашылған түндік, көгілдір аспан. Үнсіз төңірек.

Жұп-жұмсақ төсек, большкей кереует. Қозғалсаң тербетеді. Шәйі көрпе. Сырғығаны сезілмейді. Айнала жымжырт. Жүрген жанның қыбыры білінбейді. Аулақтағы ошак. Сүт пісірген әйелдердің сөзі де естілмейді.